

Қ.А. Еңсенов 

ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
e-mail: kanat-02-79@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ КӨШІ-ҚОН (1991-2011 ЖЖ.)

Мақалада Қазақстан және Орта Азия мемлекеттерінің 1991–2011 жылдар аралығындағы аймақтық қарым-қатынастарының қалыптаса бастауы, мемлекет аралық келісімдер, шекара шебінің айқындалуы, мемлекеттердің экономикалық-әлеуметтік даму жағдайын тұрақтандыруға бағытталған іс-шаралардың жүзеге асырылуы және елдердің қауіпсіздік мәселесі келісімдер мен адам құқықтары, көші-қон процестерін реттеуге байланысты атқарылған шаралар қаралған.

Қазақстанға оралған қазақ диаспорасының өкілдерінің ата-бабалары Кеңес Одағы кезінде қиын заманда елден еріксіз қоныс аударып кеткен болатын. Қазіргі уақытта солардың ұрпақтары Тәуелсіз Қазақстан Республикасына әртүрлі мемлекеттерден бұрынғы тарихи Отаны ретінде көшіп келіп қоныстануда.

Ғылыми-зерттеуде Қазақстан және Орта Азия мемлекеттері арасында келісімдер негізінде және БҰҰ мен Халықаралық нормалар мен талаптарды сақтау арқылы жүзеге асырылған көші-қон процестері аймақтық және жаһандық сипатқа ие болғандығы зерделенген. Осы аталған ғылыми-зерттеу мақаласын жазуға отандық және шетелдік авторлардың еңбектерімен қатар, Қазақстан Республикасы Президенті архиві мен Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің тың құжаттық және деректік материалдары пайдаланылған.

Зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасына аймақтық көші-қонда келген қазақ диаспорасының орналасуы және олардың Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан, Тәжікстан, Иран және Ауғанстан мемлекеттерінен келгендігі, олардың сандық көрсеткіштері туралы да мәліметтер келтірілген.

Түйін сөздер: Қазақстан, Орталық Азия, Азия мемлекеттері, аймақтық қарым-қатынастар, ұлттар, халық, этностар, диаспора, көші-қон, оралмандар.

K.A. Yensenov

History Institute KR MES SC, Kazakhstan, Nur-Sultan,
e-mail: kanat-02-79@mail.ru

Regional migration between Kazakhstan and Asian countries (1991-2011)

The article discusses the beginning of the formation of regional relations between Kazakhstan and Central Asia in 1991–2011, interstate agreements, the definition of the border, the implementation of measures aimed at stabilizing the state of economic and social development of the states, as well as the issues of security of the countries, agreements on human rights, measures to regulate migration rules.

The ancestors of the Kazakh diaspora who returned to Kazakhstan were forced to emigrate during the difficult times of the Soviet Union. Currently, their descendants immigrate to the Independent Republic of Kazakhstan as to their historical homeland from different countries.

It is studied that migration processes carried out on the basis of agreements between Kazakhstan and the states of Central Asia and compliance with UNO and international norms and requirements have acquired a regional and global character. In addition to the works of domestic and foreign authors, new documentary materials of the archive of the President of the Republic of Kazakhstan and the National Archive of the Republic of Kazakhstan were used to write this research article.

As a result of the study, data on the location of the Kazakh diaspora arriving in the Republic of Kazakhstan in regional migration and their quantitative indicators from Kyrgyzstan, Turkey, Uzbekistan, Tajikistan, Iran and Afghanistan were given as well.

Key words: Kazakhstan, Central Asia, Asian countries, Regional relations, Nations, Peoples, Ethnic groups, Diaspora, Migration, Repatriates.

Қ.А. Енсенев

Институт истории государства КН МОН РК, Қазақстан, г. Нур-Сұлтан,
e-mail: kanat-02-79@mail.ru

Региональная миграция между Казахстаном и странами Азии (1991-2011 гг.)

В статье рассматриваются вопросы формирования региональных отношений между Казахстаном и Центральной Азией с 1991 по 2011 год, межгосударственные соглашения, демаркация границ, реализация мер, направленных на стабилизацию экономического и социального развития стран, а также вопросы безопасности, соглашений и прав человека, миграции. Рассмотрены меры, принимаемые для регулирования процессов.

Вернувшиеся в Казахстан предки казахской диаспоры были вынуждены эмигрировать в тяжелые времена Советского Союза. В настоящее время их потомки иммигрируют в Независимую Республику Казахстан как на историческую родину из разных стран.

Исследовано, что миграционные процессы, осуществляемые на основе соглашений между Казахстаном и Центральной Азией и с соблюдением норм и требований ООН и международных норм и требований, носят региональный и глобальный характер. При написании данной исследовательской статьи наряду с работами отечественных и зарубежных авторов использовались новые документальные материалы Архива Президента Республики Казахстан и Национального архива Республики Казахстан.

В исследовании также представлена информация о расселении казахской диаспоры в Республике Казахстан и их количественных показателях из Кыргызстана, Турции, Узбекистана, Таджикистана, Ирана и Афганистана.

Ключевые слова: Казахстан, Центральная Азия, страны Азии, региональные отношения, нации, народы, этносы, диаспора, миграция, репатрианты.

Кіріспе

Орталық Азия Республикалары Қазақстанның көпбағытты сыртқы саясатында маңызды рөл атқарады. Өйткені, Қазақстан бұл республикалармен тікелей көрші ғана емес, ел өміріндегі маңызды мәселелер осы елдермен байланысты. Аймақтық интеграция, жаһандану үрдісімен қатар республикалар арасындағы сауда-экономикалық қатынастар да үлкен қарқынмен дамып келеді. Орталық Азияда аймақтандыру үрдісін дамыту үшін қалыптасқан қолайлы алғышарттар бар. Орталық Азия мемлекеттерімен өзара тату көршілік, тұрақты қарым-қатынас – біздің еліміздің маңызды факторы болып табылады (Сейдін, 2006: 68).

Қазақстан және Орта Азия мемлекеттері арасындағы қарым-қатынаста көші-қон процестері де айрықша сипатқа ие екендігі анық. Өйткені, көршілес Қырғызстан, Өзбекстан елдері және Тәжікстан, Иран, Ауғанстан елдеріне кезінде шашырап кеткен қандастарымыздың Қазақстанға оралуы мемлекеттер арасындағы аймақтық келісімдер арқылы жүзеге асырыла бастады. Нәтижесінде 1991 жылдан бастап Қазақстанға әр жылдарда оралмандар келіп, олар облыстар бойынша орала бастады. Бұл этникалық қазақ диаспорасы қазақ халқының саны жағынан өсуіне өзіндік үлестерін қоса түсті. Олар атамекенге

келіп, кәсіпкерлікпен және шаруашылықпен айналысып, елдің дамуына да жұмыстар атқара бастады. Сондықтан, осы аталған Орта Азия және Қазақстан арасындағы аймақтық көші-қон процестерін қарастыру, зерделеу өте маңызды тақырыптардың бірі және ол зерттеуді қажет етеді.

Материалдар және әдістер

Ғылыми зерттеу мақаласын жазуға Қазақстан Республикасының Президенті мұрағаты (ҚР ПА), Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві (ҚР ҰА) құжаттарынан алынған тың деректер пайдаланылды. Сондай-ақ, дипломатия және халықаралық аймақтық байланыстар туралы жазылған шетелдік және Отандық ғылыми зерттеу еңбектеріне талдау жасау іске асырылып, оларға сілтемелер жасалынды.

Тарих ғылымында әр тақырыпқа қатысты ғылыми-зерттеудің теория-методологиялық ұстанымдары бар. Мысалы, осы зерттеу нысанына алынған аймақтық көші қонға келер болсақ, бұл тақырыпты зерделеу үшін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау, архив құжаттарын қарастыру және тың мәліметтерді ғылыми айналымға келтіре отырып, аймақтық көші-қон мәселесін зерделеу, қорытынды жасауға болады. Ол үшін та-

рихи зерттеудегі ұстаным, жүйелілік, тарихи фактілерді талдау сияқты жұмыстар жүзеге асырылуы қажет.

Осы аталған Орта Азия және Қазақстан арасындағы аймақтық байланыстарға қатысты Қазақстан Республикасының қоғам қайраткері, дипломат (қазіргі Қазақстан Республикасының Президенті) Қ.К. Тоқаев «Беласу» атты еңбегінде: «Азия мемлекеттерінің өзара қарым-қатынастарының бастапқы кезеңі туралы мәліметтер келтірген. Онда автор: «Азия мемлекеттерінің бұл бастаманы алғашқы қабылдауы айтарлықтай салқын болды. Осы мәселе жөнінде мен кездескен және пікір алмасқан дипломаттар жаңа ұсынысты егжей-тегжейлі зерделеу және оны өмірде жүзеге асырудың амалдарын бірлесіп талқылау қажеттігіне сілтеме жасады. БҰҰ тарапынан жалпы қолдау білдірілді, бұл осы бір ала бөтен дипломатиялық әрекеттің ойдағыдай қадам басып кетеріне үміттендірді. Біз үшін мейлінше айқын нәрсе жалтақсыз әрекет ету, барлық Азия мемлекеттерін және халықаралық ұйымдарды тарта отырып, Қазақстан бастамасын белсене талқылауды ұйымдастыру болды», – атап өткен (Тоқаев, 2008: 433).

Қазақстандық тарихшы-ғалымдар Б. Найманбаев және Г. Орынбасарова «Қазақстан Республикасының ислам ынтымақтастығы ұйымымен гендерлік теңдік мәселелері бойынша өзара қарым-қатынасының тарихы» тақырыбында жазған ғылыми мақаласында: «Зерттеудің мәні мен мазмұнын ашуға, заңдылықтарды анықтауға, зерттелетін мәселенің нақты дамуын сипаттауға мүмкіндік берген тарихи-саяси көзқарас негізгі зерттеу болды. Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет болып табылады, онда халық құқы тең құқықтарды пайдаланады (Найманбаев, Орынбасарова, 2021: 58-67)», – деп тұжырым жасаған. Яғни, аймақтық көші-қон жағдайында келгендердің де мемлекетте құқы қорғалады.

Ресейлік зерттеуші, ғалым И.Ю. Кошель «К вопросу о региональной миграции» тақырыбында жариялаған мақаласында: «Көші-қон процестері, әр елдердегі, әр түрлі континенттердегі қоныстандыру қозғалыстары және әлеуметтік ауысулар түрінде өтті. Басталған қозғалыстар әсері күннен күнге күшейіп келеді. Оның басты ерекшелігі – ішкі саяси шиеленістің күшеюі, мемлекетаралық қарама-қайшылық және халықаралық экономикалық және саяси коммуникациялардағы теңгерімсіздік. Мұның бәрі үшін әр елдегі көші-қон проблемалары ерекше формада көрінеді, бұл дәстүрлі емес жылдам және сонымен бірге өте ойластырылған

шешімдер мен мемлекеттік әкімшіліктің жауаптылығын талап етеді (Кошал, 2016: 11-16), – деген қорытынды жасаған. Демек, осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы тәуелсіздік кезеңінде көші-қон процестерін аймақтық және жаһандық деңгейде мемлекет тарапынан реттеп, БҰҰ-ның және халықаралық талаптар мен нормаларға сәйкес орындап келе жатқандығын байқаймыз.

Нәтижелер және талдаулар

Қазақстан Республикасы 1991 жылы басқа Кеңес Одағы құрамындағы елдер сияқты, тәуелсіздік жариялаған соң жақын және алыс шетелдерде тұратын қазақтарға тарихи отандарына оралуға жол ашылды. Шет елдерде тұратын отандастарына деген мемлекеттік көзқарас өзгерді. Президент Н.Ә. Назарбаевтың қолдауымен, қамқорлығының арқасында қазақтар Қазақстанға орала бастады. Көш 1991 жылы Моңғолиядан басталып, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түркменстан, Тәжікстан, Қытай және тағы басқа елдерден жалғасын тапты. Бұл жағдай әрине Өзбекстанның статистикалық мәліметтерінде қазақтардың саны мен үлесінің азаюына ықпалын тигізді (Қобландин, Меңдіқұлова, 2009: 173).

1991 жылдың басында Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Алыстағы ағайындарға ақ тілек» атты хатында аталғандай: «Атамекенге келемін деушілерге жол ашық, ата-баба аруағы алдарыңнан жарылқасын!» деген сөзі онсыз да ата-жұртына алаңдап отырған қазақ қауымын дүр сілкіндіріп, көкірегіне үміт отын жақты.

1992 жылы 3 шілдеде ҚР Министрлер Кеңесінің №578 қаулысымен өзінің тарихи отанына қоныс аударуға тілек білдірген шетел қазақтарын ұйымшылдықпен қабылдау жөніндегі бағдарлама қабылданып, ҚР Премьер-министрінің орынбасары бастаған жұмыс тобы құрылды. Осы аталған жылдың 28 қыркүйек – 3 қазанда Алматыда Дүниежүзі қазақтарының I Құрылтайы өтті. Құрылтайға әлемнің 33 мемлекетінен және Қазақстан облыстарынан келген 800-ге жуық адам қатысты. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Құрылтайда сөйлеген сөзінде көші-қон мәселесіне жете мән берілді. Құрылтай бағдарламасы аясында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылуы қазақ көшінің барысына үлкен әсер етті (Тойбаева, 2016: 72-73).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Дүниежүзі қазақтарының I Құрылтайында сөйлеген сөзінде: «Қадірменді

қауым! Алыстан келген ағайын! Ардақты отандастар! Бүгінгі күн ерекше күн – Орта толды деген осы. Дәл осындай сәтте өзін қазақпын деп сезінетін әрбір адам жүрегі лүпілдеп, атамекеніне, Тәуелсіз Қазақстанның астанасы Алматыға көз тігуде. Өйткені мұнда Дүниежүзінің түкпір-түкпіріндегі исі қазақ атаулының өкілдері тұңғыш рет бастарын қосып, алқалы жиын, салтанатты мәжіліс – Құрылтайға жиналып отыр. Күні кеше ғана мұндай болады деген ой көбіміздің қиялымызға да кірмеген шығар. Енді, міне аңсаған арманның біріне қол жеткіздік. Сан ғасырға созылған отаршылдық бұғауынан босап, таяуда ғана тәуелсіздік алса да, қысқа мерзім ішінде бүкіл әлем мойындап, абыройы асып үлгерген Қазақстан жұртшылығы сіздерді, ардақты ағайын, туған жерде қарсы алғанын өздеріңіз көріп отырсыздар. Мен Республика Президенті ретінде бәріңізді Дүниежүзі қазақтары Құрылтайының салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға: «Туған жерге қош келдіңіздер!» – деген еді (Назарбаев, 2017: 17).

Қазақстандағы көші-қонның құқықтық негізін құрайтын Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Иммиграция туралы» заң (1992 ж. 26 маусым), «Қазақстан Республикасында шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайлары туралы» Республика Президентінің Жарлығы (1995 ж. 19 маусым), «Халқымыздың көші-қоны туралы» Заңы (1997 ж. 13 желтоқсан), ҚР көші-қон саясатының Тұжырымдамасы (2000 ж. 5 қыркүйек), ҚР көші-қон саясатының 2001-2010 жж. арналған салалық Бағдарламасы (2001 ж. 29 қазан) мен «Нұрлы көш» Бағдарламасы мемлекеттің көші-қон бағытында ұстанған саясаты, соның ішінде басты бағыт – шет елдердегі қазақтардың елге оралуын ынталандыру мен қазақ ұлтының санын өсіру жолдары анықталуда (Халықтың көші-қоны туралы ҚР Заңы, 1997: 5).

1991 жылдан бастап ауған қазақтарын Түркиядан Қазақстанға қайтару басталды, олардың саны қазіргі кезде 300 отбасыға немесе 3500 адамға жақындады. Қазақстанда олар Алматы, Оңтүстік Қазақстан және басқа аймақтарға орналастырылды. Мәселен, тек Алматы облысында ғана Қаскеленде Ауғанстаннан кетіп, бірнеше жыл Түркияда тұрған 150 отбасыға немесе 1500 қазаққа үйлер сыйға тартылды.

Ирандықтарды жаппай Қазақстанға қайтару 1993 жылы ақпанда қазақстандық делегация мен Иран тарапы арасындағы келісімнен кейін басталды. 1993 жылы 362 адамнан тұратын 722 отбасы Ираннан Қазақстанға Қазақстан үкіметінің

қаржылай көмегінің арқасында көшіп келді. Келесі қадам 1995 жылдың күзінде ғана мүмкін болды. Ираннан келген қазақтардың алғашқы тобы Ақтау өңіріне және Алматы облысының Шелек аймағына орналастырылды, сол жерде жергілікті билік оларды үймен және тамақпен қамтамасыз етті. Сонымен қатар, 1994 жылы 27 адамнан тұратын 6 отбасы Қазақстанға өз қаражаттары есебінен көшіп келді.

Ираннан және Ауғанстаннан босып келген қазақ босқындарының дүниежүзілік қауымдастыққа оралуы проблемасы кең тарады. Ауғанстан мен Ирандағы 1280 қазақ отбасы 1996 жылдың шілдесіне дейін Қазақстанға оралды. Қазақстанның жас мемлекетіне материалдық-техникалық көмекті БҰҰ-ның босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссарының басқармасы көрсетті. БҰҰ бөлген қаражатына Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан қаласының маңындағы Достық елді мекенінде мектеп, су құбыры салынды, 60 тұрғын үй салуға құрылыс материалдары ұсынылды. Осылайша, Ауғанстаннан келген бір топ қазақ босқындарына экономикалық және гуманитарлық көмек көрсетілді. Иран мен Ауғанстаннан келген қазақ оралмандар Оңтүстік Қазақстан облысынан бөлек, Маңғыстау және Қызылорда облыстарына орналастырылды.

Бұл ауыр іс өзінің оң нәтижесін беріп үлгерді, – делінген журналист Шәкен Күмісбайұлының тарихи отанына оралған, қазір Алматыда тұратын Иран қазақтарының ақсақалдарының бірі Ағали Қадырдадан алған сұхбатында. Ағали Қадірді Иран қазақтары басқа елдерден келген оралмандармен салыстырғанда өте жақсы орналастырылғанын, оларға барлық жеңілдіктер жасалғанын айтты» (Меңдіқұлова, 1997: 235-237), – деді ол.

1993 жылы тамызда Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер министрлігі Түркіменстанның Сыртқы істер министрлігіне деген үлкен құрметін білдіреді және келесілерді хабарлады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Түрікменстан Республикасының Үкіметіне тарихи отанына теміржолмен оралуға ниет білдірген қазақ отбасыларын қоныстандырудың бірінші кезеңін түсінуге және оны жүзеге асыруға қолдау көрсеткені үшін шын жүректен ризашылығын білдіреді.

Одан кейін қоныс аударудың екінші кезеңі 1993 жылдың қазанында өтеді деп күтілген. Осыған байланысты біз Түркіменстан Үкіметі Гудри-Олум шекара бекеті арқылы транзитке және қазақ отбасыларының Түркіменстан

аумағы арқылы өтуіне, шекарадан Гызыларват станциясына дейінгі көлік қызметі мәселелерін шешуге тағы да көмектеседі делініп, кедендік мәселелер, адамдардың жеке қауіпсіздігін және олардың мүліктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарланған.

Иран тарапымен келісілген қоныс аудару кестесі қосымша беріледі. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы мүмкіндікті пайдаланып, Түркіменстанның Сыртқы істер министрлігіне өзінің жоғары бағасының сенімділігін жаңартады. Осы уақытта Түркіменстанның Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне құрметпен қарайтындығын білдіреді және мен сіздің 1993 жылғы 1 қазандағы № 1066 жазбаңызға келесі жауап туралы хабарлауға құрметпен қараймыз делінді.

Түркіменстан Үкіметі осы жылдың қараша айының басында Ираннан тарихи отанына қазақ отбасыларының Түркіменстан аумағы арқылы транзиттік жолмен өтуіне көмектесуге дайын екенін хабарлаған (ҚР ПА. 75-Н-қор, 1-тізбе, 267-іс, 20-52 пп.)

Осы аталған Иран қазақтарының Қазақстанға оралуы туралы 1993 жылы 30 қыркүйекте ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті хабарлама жасаған. Ондағы мәліметке назар аударсақ, Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде ағымдағы жылдың тамыз айының ортасында Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын қазақ ұлты өкілдерінің тарихи Отанына оралуына жағдай жасау. Ираннан 1666 адам келіп, Оңтүстік Қазақстан мен Талдықорған облыстарының аумағына қоныстанды (сәйкесінше 950 және 756 адам). Олардың 60%-дан астамы 30 жасқа дейінгі жастар.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті алған мәліметтерге сәйкес, бұл адамдар негізінен Ауғанстанда алғашқы күндері өмір сүрген және 70-80 жылдар аралығында Иранға босқын ретінде келген.

Иран билігінің оларға деген көзқарасы дискриминациялық сипатта болды. Олардың ықшам тұрғылықты жерлері – Горган және Бендер – Түрікмендердің солтүстік жері, олардан тыс жерлерде жүруге тыйым салынды. Ауған қазақтарының негізгі кәсібі жеке кәсіпкерлік және шағын сауда болды.

Мигранттарды орналастыратын орындардағы аймақтардың әкімшілігі тамақтануды ұйымдастырды, әлеуметтік және тұрмыстық мәселелер шешілді, медициналық тексеруден өтті, нәтижесінде 60-қа жуық адамға стационарлық

жағдайда медициналық көмек көрсетілді. Сонымен бірге мигранттар арасындағы жағдайды зерттеу олардың бейімделу процесіне әсер ететін белгілі бір жағдайлардың бар екендігін көрсетеді. Қоныс аударушылар «шариғаттың» Қазақстан Республикасының заңдарына жиі қайшы келетін нормаларын қатаң сақтауға тырысады. Сонымен, кейбір ауқатты отбасыларда күйеулерде үй жүргізудің қалыптасқан әдісі бар: екі-үш әйелі бар, бұл құжаттамада қиындықтар туғызады, осы ортада түсінбеушілік пен наразылық тудырады. Келгендер негізінен қоғамдық пайдалы істерден бас тартады. Олардың кейбіреулері ұзақ мерзімді тауарлар мен жылжымайтын мүлікті мемлекет несие мен несие бөлу үшін сатып алып, оларды өсірілген бағамен сатады, осылайша жергілікті халықтың теріс реакциясы туындайды. Талдықорған аймағында тұруға тағайындалған мигранттардың едәуір бөлігі Түркістанға көшу үшін шаралар қабылдаған, олардың пікірінше, өмір сүруге қолайлы климаттық жағдайлар керек. Осы жағдайларды ескере отырып, Қазақстан Республикасының ҰҚК органдары жергілікті атқарушы билік органдарына байланысты мәселелерді уақытында шешуге көмектесу мақсатында Ираннан келген қандастарды қоныстандыру орындарындағы жағдайды бақылау бойынша шаралар қабылдап, қабылдау және орналастыру туралы мәліметтер берген (ҚР ПА. 5-Н-қ., 1-т., 2778-іс, 3-5-пп.).

1991-2001 жылдары шетелдерден 52487 отбасы – 215224 қазақ көшіп келіп, қатарымызға қосылған. 2003 жылы квота бойынша Қазақстанға 5 мың отбасы; Өзбекстаннан – 4096, Түркіменстаннан – 91, Қырғызстаннан – 10, Тәжікстаннан – 10 отбасы көшіріп алынды. Бір жылда осы мақсатқа бюджет қаржысынан бір миллиард теңгеден артық бөлініп, оның 768 миллионы баспана алуға, әлеуметтік және транспортқа – 358 миллион жұмсалды.

Оңтүстік Қазақстан облысы Көші-қон және демография агенттігінің мәліметі бойынша 1991-2002 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысына көшіп келген оралмандар 17653 жанұя (82563 адам). Тәжікстаннан келген алғашқы оралмандардың көбісі Махтаарал, Шардара, Сарыағаш аудандары мен Шымкент қаласында орналасқан. Шымкент қаласының Самал-2 ықшам ауданында Тәжікстаннан келген 14 жанұяға үй салуға жер телімдері беріліп, уақытша тұратын вагондармен қамтамасыз етілді. Сарыағаш ауданының көші-қон және демография бөлімі мәліметі бойынша ауданға 1992-2002 жж. аралығында 5133 жанұя (30188

адам) оралмандар келген. Келген оралмандардың 80 % – ТМД елдерінен болса, 20 % – Иран ислам Республикасынан, Ауғанстаннан, Пәкістаннан, Монғолиядан, Түркиядан, Түркіменстаннан келгендер. Оралмандарды негізінен бір ауылда орналастыруға тырысқан. Ауғанстан, Пәкістаннан келгендер негізінен Сарыағаш қаласында, ал «Дастан» ауылында Ираннан келген оралмандар орналасқан (Нурымбетова, 2010: 31).

1991 жылдан 1998 жылға дейін Қазақстан Республикасына 39 мың 598 отбасы немесе 170 мың 416 отандастарымыз қоныстанды, оның ішінде Ираннан – 973 отбасы (4881 адам), Түркиядан – 494 отбасы (2354 адам), Ауғанстаннан – 229 отбасы (1075 адам), Сауд Аравиясынан – 22 отбасы (107 адам) қоныстанды (Ерімбетова, 2009: 145).

1991-1998 жылдары облыстық көші-қон және демография басқармаларының деректері бойынша Қазақстан Республикасына 15277 босқын репатриант келіп тіркелген. Оның ішінде 221 отбасы Ауғанстаннан, 732 отбасы Ираннан, 224 отбасы Түркиядан, 4 отбасы Пәкістаннан, 2240 отбасы Тәжікстаннан келген. 1997 жылы Сауд Арабиясындағы Ауған босқын-репатрианттарының өтініші бойынша Түркістан облысына 14 отбасы қоныс аударды. Оралман босқындарға тұрғын үй салу және ықшам қоныстану үшін жер бөлінді. Мысалы, Түркістан облысында «Ақжол», «Ақжар», «Дастан», «Дербісек», «Ынтымақ» ауылдарының құрылысына 172,8 гектар жер бөлінді. Аз қамтылған отбасыларды материалдық қолдау, науқас және қарт оралмандарға медициналық көмек көрсету үшін «Атамекен» қоры құрылды. Бірақ, соған қарамастан, тұрғын үймен қамтамасыз ету проблемасы өткір болды, көбісі туыстарында тұрды, 1030 отбасы жалдамалы үйде тұрды. Мамандықтың жоқтығынан олардың көбі жұмысқа орналаса алмады. Кейбір босқын-оралмандар тері жинауға және өңдеуге, басқалары құрылысқа тартылды, енді біреулері базарда дүкен ашты (Ерімбетова, Сүлейменов, 2021).

Өзбекстандағы қазақ диаспорасы туралы Қ.И. Қобландин және Г.М. Меңдіқұлованың «Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы» атты еңбегінде: «Өзбекстандағы қазақтар негізінен Қазақстанмен шекаралас мекендерде біршама шоғырланып тұрады және елдегі ешбір аймақта эностардың көпшілігін құрамайды. 2007 жылдың басындағы есеп бойынша қазақтардың ең көп үлес салмағы Қарақалпақстанда (21,7%) болып отыр, онда тұратын қазақтар саны 300 мың адамнан асып жығылады. Ташкент, Науаи және Жизақ облыстарындағы

қазақтардың үлес салмағы – 13,8%, 7,4% және 4,3% болып тіркелген.

1991-1997 жылдары Өзбекстан Республикасынан жаппай қоныс аударуы орын алған. Қазақстанға Өзбекстаннан қоныс аударған қазақтардың саны, ҚР Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігінің миграция бойынша Комитетінің мәліметтеріне қарағанда, 399453 адамды құрайды (102748 отбасы) немесе ТМД елдерінен қоныс аударғандардың жалпы саны – 61,3%. Әсіресе, Қарақалпақстан мен Науаи облыстарынан қоныс аударушы қазақтар көптеп саналады, олар ең алдымен экологиялық қолайсыз аудандардың тұрғындары. Осы жерде ескере кететін жәйт, отандастарымыздың Қазақстанға қоныс аударуының негізгі себебі әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени факторлар болып отыр», – деген мәліметтер келтірілген.

Тарихи-демографияға қатысты еңбек жазған авторлар М.Х. Асылбеков пен В.В. Козина «Народонаселение Казахстана в условиях суверинитета» атты еңбегінде: «Ираннан көшіп келгендердің ішінде Батыс Қазақстан қазақтары басым болды. Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстары олардың қоныстанған жерлері болып табылады. Патша режимі мен Кеңес өкіметіне ұмтылу салдарынан этникалық отандарынан Шыңжаң, Үндістан және Пәкістан арқылы қоныс аударған Түркия қазақтары туралы да осыны айтуға болады. Барлығы 1989-1997 жылдар аралығында. Республикаға тұрақты тұру үшін Ираннан 2968 қазақ және Түркиядан 1735 қазақ келді. Жалпы алғанда, егеменді Қазақстанның тәуелсіздік жылдары ішінде (1991-2009 жж.) 753, 3 мың оралман тұрақты тұруға келді, олардың жартысы жақын шетелдерден көшіп келгендер» (Асылбеков, Козина, 2010: 104), – деген мәліметтер келтірген.

Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігі Экономикалық саясат бөлімі мәліметтеріне назар аударсақ, 2004 жылы республикада алыс және жақын шетел қалаларынан 18 955 отбасы (67 587 адам) қоныстанды. Оның ішінде, Қазақстан Республикасы Президентінің «2004 жылға арналған оралмандардың көші-қон квотасы туралы» Жарлығына сәйкес, 9981 отбасы (54046) қабылданды. Сонымен бірге, Оңтүстік Қазақстан облысында квота Ауғанстан азаматтарының қоныстануға дайын болмауына байланысты 16 отбасыға орындалмады, бұл туралы Сыртқы істер министрлігінің ресми хабарламасы бар, ал Маңғыстау облысындағы 3 отбасыға, олардың жыл соңына дейін уақтылы келмеуі нәтижесінде.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы №505 «2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 27-бабында оралман отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету механизмі өзгергенін ескере отырып, Үкіметтің қаулысына өзгерістер енгізілді. Оралман отбасыларының тұрғын үй сатып алуы үшін республикалық бюджетте көзделген қаражатты бұған дейін екінші деңгейлі банкте негізгі отбасы ашқан жеке шоттарына аударуды көздеген Қазақстан Республикасы 1999 жылғы 18 тамыздағы № 1194, оларға нотариат куәландырған тұрғын үйді сатып алу-сату шартын немесе жергілікті атқарушы органның жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін беру туралы шешімін ұсынғаннан кейін. Сонымен қатар, бұл ережені іс жүзінде жүзеге асыру нотариаттар мен жылжымайтын мүлік орталықтарының сатып алу-сату шартын жасаудан бас тартуына байланысты мүмкін болмай қалды. Осыған байланысты, 2004 жылдың 8 шілдесінде аталған қаулыға оралман отбасыларының тұрғын үй сатып алуына республикалық бюджетте көзделген қаражатты олардың жеке есепшоттарына аударуды көздейтін өзгертулер енгізілді, бұған дейін отағасы екінші деңгейлі банк оларға оралман куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмелерін және тұрғын үй сатып алуға бөлінген қаражатты мақсатты пайдалану бойынша міндеттемелерін ұсынғаннан кейін (ҚР ҰА. 53-қор, 1-тізім, 249-іс, 1-2 пп.)

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2004 жылғы 29 қыркүйектегі №1449 Жарлығына сәйкес ҚР Көші-қон және демография агенттігі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті болып қайта құрылды. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауабына сәйкес осы келісімдегі мәселелер ҚР Ішкі Істер министрлігінің жауабына сәйкес осы келісімдегі мәселелер ҚР Ішкі істер министрлігінің құзыретіне жатады. Алайда, ҚР Сыртқы Істер министрлігінің хатына жауап ретінде. ҚР Ішкі істер министрлігі аталған келісімдегі мәселелер ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құзыретіне жатады деп хабарлады (ҚР ҰА. 53-қор, 1-тізбе, 256-іс, 184-п.).

Қазақстан Республикасы Көші-қон Комитетіне «Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 қазандағы №1371 Қаулысын іске асыру туралы Алматы облысы Әкімінің 2002 жылғы 19 қаңтарындағы

№1-18 шешімінің 2005 жылдың 1 қаңтарына орындалуы туралы анықтамаға сүйенсек, Алматы облысындағы мемлекеттік көші-қон саясатын жүзеге асыру нысанында біршама шаралар атқарылды. Оралмандар жайында нақты мәліметтер алу үшін, әрбір оралман отбасына есеп карточкасы толтырылып, компьютерге енгізілді. Сондай-ақ, олардың Қазақстан Республикасының азаматтығына құжаттарын тапсыру жұмыстары тұрақты бақылауда тұр. Соңғы деректер бойынша 44367 мыңнан астам оралман азаматтық алып, 3602 адамның құжаттары қаралуда, 500 оралман ықтиярхат алған, 1478 адам құжаттарын дайындаған.

Оралмандарды әлеуметтік тұрғыдан қорғау және жұмыспен қамту жөнінде облыстық еңбекпен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасымен бірлесіп жасалған іс-шаралар жоспарына сәйкес 2004 жылы 355 оралман жұмыс іздеп келген. Олардың ішінен 173 оралман жұмыспен қамтылды. Қоғамдық жұмысқа 189 оралман жіберіліп, 63 адам кәсіби жаңа мамандықтарға оқытылды. Сонымен бірге 6 жұмыссыз оралман микрокредит алды. Сондай-ақ, отбасында бірде-бір адам жұмыс істемейтін 48 оралман отбасылары еңбекпен қамтылды. Облыс аумағында 127 оралман отбасылары атаулы 4981,6 мың теңге шағын несие алды, 4 оралман жеке іс ашуға арнайы грант алды. 673 оралман отбасылары кедейліктің төменгі деңгейінен нашар тұрады, олардың барлығы 14.584,9 мың теңге әлеуметтік атаулы көмек алды. Тұрмыс жағдайы төмен отбасылар әсіресе, Еңбекшіқазақ (200 отбасы), Талғар (86), Жамбыл (91), Кербұлақ (64) аудандарында көп орналасты. Оралмандарға жеке шаруашылық құруға, үй салуға жер телімдерін бөлу жұмыстарына назар аударған.

Қазақстан Республикасы Президентінің әр жыл сайынғы көшіп келу квотасына сай 2004 жылы Өзбекстаннан – 205, Моңғолиядан – 70, Түркменстаннан – 5 отбасы көшіп келді. Бұл оралмандар облыстың 16 ауданы, 3 қаласына өз тілектері бойынша орналасуда. 1 қаңтарға берілген мәліметтер бойынша оралмандарға 90 млн. теңге бірреткі жәрдемақы, жол рысқұты берілді. Биылғы, 2004 жылғы көшіп-келу квотасына қоныс аударушы оралмандар отбасыларына баспана алу жұмысы оралмандардың тапсырған 655 оралмандар отбасыларының есеп шоттарына баспана алуға толық аударылды. Сондай-ақ, ҚР Президентінің 1 желтоқсандағы Жарлығына сәйкес қосымша 30 оралман отбасыларына қаржы толығымен аударылды.

2005 жылдың 1 қаңтарына арналған мәліметтер бойынша облыс аумағында құрамында 49970 адам бар 13362 оралман отбасылары тұрады. Оның ішінде Өзбекстаннан – 24934, Моңғолиядан – 12660, Қытайдан – 8185, Түркиядан – 1104, Ресейден – 649, Түркменстаннан – 1380 адам көшіп келді. Оралмандардың басым көпшілігі Алматы мен Талдықорған қалаларының төңірегіндегі Қарасай, Еңбекшіқазақ, Іле, Жамбыл, Талғар, Ескелді, Көксу аудандарында шоғырланған (ҚР ҰА. 53-қ., 1-т/ж., 252-іс, 38-40 пп.).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы қаулысымен 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы қабылданды. Осыған байланысты Маңғыстау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 12/144 шешімімен «Нұрлы көш» бағдарламасының қатысушыларын Маңғыстау облысына 2009-2011 жылдарға ауыстыру мен қоныстандыруды жеңілдететін аймақтық бағдарлама бекітілді. Маңғыстау облысына 1991-2010 жж. 99856 адамнан тұратын 27602 оралман отбасы болды, оның ішінде 2010 жылдың бірінші жартыжылдығында 739 отбасы тіркелген.

Барлығы 2010-2011 жылдары Өңірлік бағдарламаға қатысушылардың 5400 отбасын қабылдау жоспарлануда (жылына 2700 отбасы). 2010 жылы Маңғыстау облысында «Нұрлы көш» шеңберінде пилоттық жобаны жүзеге асыру үшін тиісті министрліктерге 3 пилоттық жоба ұсынылды: Құрық ауылының Ералив және Қарақиян аймағының Кеңдірлі зонасы, Мұнайлы ауданының Батыр ауылы. Осыған орай, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республи-

касы Үкіметінің 2010 жылғы 3 шілдедегі №703 қаулысымен пилоттық жобаның іске асырылуы белгіленді.

«Нұрлы көш» бағдарламасын тиімді жүзеге асыру үшін жылыжайлармен бірге тұрғын үй салу қарастырылған, бұл пилоттық жобаға қатысушыға алынған несиенің қайтарылуын қамтамасыз ететін кірісті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, 2010 жылдың аяғына дейін 118 үй салуға республикалық бюджеттен қосымша ақша бөлінеді. Осылайша, 2010 жылы «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында барлығы 182 үй салу жоспарланды деген ақпарат берілген (МОМА. 568-қор, 1-тізім, 225-іс, 42-43-пп.). Демек, мемлекетаралық келісімдер бойынша көші-қон процестері жүргендігін және аймақтық байланыстардың дамығандығын байқаймыз.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, Қазақстан және Азия мемлекеттері арасындағы аймақтық қарым-қатынастар және көші-қон процесі ауқымды шаралар ретінде жүзеге асырылғанын байқаймыз. Сондай-ақ, қазақ диаспорасының Иран, Ауғанстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан жерлерінен көшіп келіп, облыстар мен аудандар бойынша орналасуы, сандық көрсеткіштері туралы да мәліметтер баяндалды. Алдағы уақытта бұл өзекті тақырыпты тағы да тереңдете зерттеу қажет. Азия мемлекеттерінің аймақтық байланыстары туралы архив деректері және құжаттар баршылық. Сондықтан, оларды әлі де ғылыми айналымға тарта отырып, мемлекеттердің байланыстарын ғылыми тұрғыдан зерделей түсу керек.

Әдебиеттер

Асылбеков М.Х., Козина В.В. (2010). Народонаселение Казахстана в условиях суверинитета. Алматы: Тарих тағылымы. С. 104.

Администрация Президента Республики Казахстан. Управление экономической политики. Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві (ҚР ҰА). 53-қор, 1-тізім, 249-іс, 1-2 пп.

Ерімбетова Қ.М. (2009). Қазақстандағы Кеңес мемлекетінің көші-қон саясаты: монография. Алматы: Тарих тағылымы. – 145 б.

Ерімбетова Қ.М., Сүлейменов А. (2021). Қазақстанның көші-қон саясаты // http://history-state.kz/?ELEMENT_ID=1642 [27.04.2021]

Информация по миграции. Маңғыстау облыстық мемлекеттік архиві (МОМА). 568-қор, 1-тізім, 225-іс, 42-43-пп.

Кошель И. Ю. (2016). К вопросу о региональной миграции // Ученые записки Крымского федерального университета имени В.И. Вернадского Социология. Педагогика. Психология. Том 2 (68). № 3. С. 11–16.

Комитет миграции Республики Казахстан. ҚР ҰА. 53-қ., 1-т/ж., 252-іс, 38-40 пп.

Кобландин Қ.И., Меңдіқұлова Г.М. (2009). Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. Алматы: ДҚК. – 173 б.

Қазақстандағы көші-қон үрдістері (2016). // Қазақстан халқы: Энциклопедия. / Бас ред. Ж.Н. Тойбаева. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». 72-73 бб.

Мендикулова Г.М. (1997). Исторические судьбы Казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы: Ғылым. 235-237 бб.

Министру иностранных дел Республики Казахстан. Қазақстан Республикасы Президент архиві (ҚР ПА). 75-Н-кор, 1-тізбе, 267-іс, 20-52 пп.

Назарбаев Н.Ә. (2017). Бауырларымызға құшағымыз айқара ашық! // Көші-қон және қазақ әлемі. Алматы: Фолинт. 17 б.

Naimanbayev B.R., Orynbasarova G. (2021). Zh. История взаимоотношений РК с организацией Исламского сотрудничества в вопросах гендерного равенства // **Вестник КазНУ. Серия историческая**, [S.l.], v. 100, n. 1, p. 58-67, apr. ISSN 2617-8893. Доступно на: <<https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1063>>. Дата доступа: 11 June 2021 doi: <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v100.i1.07>.

Нұрымбетова К.К. (2010). Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері мен болашағы: тарихи талдау (1991-2008 жж.): тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін даярланған диссертация авторефераты. Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. 31 б.

Правительства Республики Казахстан. ҚРҰА. 53-кор, 1-тізбе, 256-іс, 184-п.

Президенту Республики Казахстан Н.А. Назарбаеву. ҚРПА. 5-Н-к., 1-т., 2778-іс, 3-5-пп.

Сейдін Н.Б. (2006). Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындалу ба-рысы. Ғылыми басылым. Алматы: ҚР Президенті жанындағы КИСИ. 68 б.

Токаев К.К. (2008). Беласу. Алматы: «Дәуір». 433 б.

Халықтың көші-қоны туралы ҚР Заңы. (1997) // Егемен Қазақстан. 14 желтоқсан. 5-б.

References

Asylbekov M.N., Kozina V.V. (2010). Narodnonaselenya Kazakhstana v usloviyah suveriniteta [Population of Kazakhstan in conditions of sovereignty]. Алматы: Tarih tagilimi. s. 104.

Administratsiya Prezidenta Respubliki Kazahstan Upravlenie ekonomicheskoy politiki [Administration of the President of the Republic of Kazakhstan Economic Policy Department]. Kazakstan Respublikasy Ulttyk arhivi (KR UA). 53-kor, 1-tizim, 249-is, 1-2 pp.

Erimbetova K.M. (2009). Kazakhstandagi Kenes memleketinin koshi-kon sayasaty [Migration policy of the Soviet state in Kazakhstan]. Monographya. Алматы: Tarih tagilimi. 145 b.

Erimbetova K.M., Suleimenov A. (2021). Kazakhstannin koshi – kon sayasaty // http://history-state.kz/?ELEMENT_ID=1642 [27.04.2021]

Informatsiya po migratsii [Migration information] Mangistau oblistik memleketik arhivi (MOMA). 568-kor, 1-tizim, 225-is, 42-43-pp.

Koshel I.Yu. (2016). K voprosy o regionalnoi migratsii [On the issue of regional migration] // Ucheniye zapisky Krimskogo federalnogo universiteta imeni V.I. Vernadskogo. Sotsiologiya. Pedagogika. Psychologiya. Tom 2 (68). 2016. № 3. s. 11–16.

Komitetu migratsii Respubliki Kazahstan [To the Migration Committee of the Republic of Kazakhstan]. KR UA. 53-k., 1-tizh., 252-is, 38-40 pp.

Koblandin K.I., Mendikulova G.M. (2009). Ozbekstandagy kazaktardin tarihi zhanebugingi damuy [History and modern development of Kazakhs in Uzbekistan]. Алматы: DKK. – 173 b.

Kazakhstandagy koshi kon urdistery [Migration trends in Kazakhstan] (2016). // *Kazakhstan halki: Entsiclopedia.* / Bas red. J.N. Toibayeva. Алматы: «Kazak entsiclopedia», 2016. 72-73 bb.

Mandikulova G.M. (1997). Istoricheskiye sudby Kazahskoi diaspori. Proishozhdeniye i razvitye [Historical destinies of the Kazakh diaspora. Origin and development]. Алматы: Gilim. 235-237 bb.

Ministru inostrannyih del Respubliki Kazahstan [Minister of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan]. Kazahstan Respublikasy President arhivi (KR PA). 75-N-kor, 1-tizbe, 267-is, 20-52 pp.

Nazarbayev N.A. (2017). Bauirlarimizga kushagimiz aikara ashik! [We are open to our brothers and sisters!] // Koshi – kon zhane kazak alemi. Алматы: Foliant. 17 б.

Naimanbayev, B. R.; Orynbasarova, G. Zh. (2021). Istoriya vzaimootnosheniya RK s organizatsie Isslamskogo sotrudnichestva v voprosah gendernago ravenstva [The history of relations between the Republic of Kazakhstan and the Organization of Islamic Cooperation in the field of gender equality]. Vestnik KazNU. **Serya istoricheskaya**, [S.l.], v. 100, n. 1, p. 58-67, apr. 2021. ISSN 2617-8893. Dostupno na: <<https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1063>>. Data dostupa: 11 June 2021 doi: <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v100.i1.07>.

Nurimbetova K.K. (2010). Tauelsiz Kazakhstandagy repatriatsi maseleleri men bolashagi: tarihi taldau (1991-2008zh.zh). Tarih gilimdarinin kandidaty gilimy darezhesin alu ushin dayarlangan disseretatsiya avtoreferaty [Problems and prospects of repatriation in independent Kazakhstan: historical analysis (1991-2008). Author's abstract of the dissertation for the degree of Candidate of Historical Sciences]. Алматы: Sh.Sh. Walihanov atindagy Tarih zhane etnologiya instituty. 31 b.

Pravitelstvu Respubliki Kazahstan [To the Government of the Republic of Kazakhstan]. KR UA. 53-kor, 1-tizbe, 256-is, 184-p.

Prezidentu Respubliki Kazahstan N.A. Nazarbaevu [To the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev]. KR PA. 5-N-k., 1-t., 2778-is, 3-5-pp.

Seidin N.B. (2006). Kazahstan Respublikasy memleketik shekarasy: kalyptasuyi, maseleleri zhane aikindaly barisi [State border of the Republic of Kazakhstan: formation, problems and process of definition]. Gilimy basilim. Алматы: KR Presidenti zhanindagy KISI. 68 b.

Tokayev K.K. (2008). [Belasu]. Алматы: «Dauir». 433 b.

Haliktin koshi-koni turaly KR Zan. [Law of the Republic of Kazakhstan on population migration] (1997). //Egemen Kazakhstan. 1997 zh. 14 zheltoksan. 5 b.